


Жоспар және оның түрлері






Оқу жоспары – оқу орындарында пәндерінің құрамын, оқу жылы бойынша өту тәртібі мен бірізділігін, әр оқу пәніне берілетін уақыт мөлшерін және оқу жылының құрылымын белгілейтін құжат. Оқу жоспары оқу орнының мақсат-міндетіне сай жасалады. Оқу жоспарында көрсетілген білім бағыты мен сипаты оқу бағдарламалары мен оқулықтарда айқындалады.

Оқу жоспары – оқу жылының, тоқсандардың, демалыс күндерінің мерзімін, оқытылуға тиісті оқу пәндерінің тізімін, әрбір оқу жылы (сыныптар) бойынша оқу тәртібін және ретін, әрбір пәнге бүкіл оқу мерзімінде және апта сайын әр пәнге бөлінетін сағаттардың мөлшерін анықтайтын нормативтік құжат.

Типтік оқу жоспары – Білім және ғылым министрлігінде жасалып, барлық орта мектепке ортақ болып бекітіледі. Оқу жоспары мектептердің түрлеріне орай да жасалынады. Шағын комплектілі, сегіз жылдық, ұлттық мектептерде жоспар өзінше құрылады.



1. Жоспар жасау дегеніміз – оқыту мен тәрбие жұмысын жақсарту бағытында көптеген шараларды белгілеу.

Дәлелденген нақты жоспар – әрбір басқару циклінің дайындық кезеңі, сондықтан оған мектеп басқару ісінің ғылыми жолмен келе жатқандығын көрсетеді. Жоспар қысқа, нақты және айқын болу керек.

2. Нысаны бойынша жоспар – мәтіндік, графикалық және аралас болып бөлінеді.

ЖЫЛДЫҚ
жоспар



Оқу
жоспары



тақырыптық
– күнтізбелік
жоспар



Сабақ
жоспары



Тақырыптық – күнтізбелік жоспар

Тақырыптық - күнтізбелік жоспарда

әр сынып бойынша тұтас оқу жылында қамтылатын тақырыптар мен оларға бөлінген сағат саны белгіленеді. Бұл жоспар оқу бағдарламасы негізінде Қалалық білім бері бөлімінде жасалып, барлық мектепке таратылады.

Күнтізбелік жоспарда барлық жалпы мектептік шаралар тоқсан, ай, апта, жеке күндер бойынша орналастырылады.



<i>Р/с</i>	<i>сағат саны</i>	<i>Сабақтың тақырыбы</i>	<i>Сағат</i>	<i>Мерзімі</i>	<i>Ескерту</i>
		Қазақ тілі 5-сынып			
		<i>Аптасына 3 сағат, жылына 102 сағат</i>			
		I тоқсан 25 сағат			
1	1	<i>Кіріспе. Ана тілінің қызметі(1)</i>	1		
		Әдеби тіл және мәтін (8)			
2	2	<i>Әдеби тіл туралы түсінік</i>	1		
3	3	<i>Әдеби тілдің формасы</i>	1		
4	4	<i>Мәтін. Мәтіннің түрлері</i>	1		
5	5	<i>Ауызекі сөйлеуге қатысты мәтіндер, тақырыптық ерекшеліктері</i>	1		
6	6	<i>Жазбаша мәтін. Тақырыбы, негізгі идеясы</i>	1		
7	7	<i>Ойдың берілу тәсілдері ...</i>	1		
8	8	<i>Абзац. Сөйлем. Сөйлемдердің байланысы.</i>	1		
9	9	Диктант «Жайлау»	1		
		Лексика. (48 сағ.) Сөз және оның мағынасы. (28 сағ.)			
10	10	<i>Лексиканың қарастыратын мәселелері.</i>	1		
11	11	<i>Сөздің негізі – лексикалық мағынасы</i>	1		
12	12	<i>Сөздің қосымша мағынасы – грамматикалық мағына</i>	1		
13	13	<i>Сөздің тура мағынасы</i>	1		
14	14	<i>Сөздің ауыспалы мағынасы</i>	1		
15	15	<i>Көп мағыналы сөздер</i>	1		
16	16	<i>Көп мағыналы сөздердің ерекшелігі</i>	1		
17	17	Диктант «Мейірім»	1		
18	18	<i>Омонимдер</i>	1		
19	19	<i>Көп мағыналы сөздермен ұқсастығы, айырмасы</i>	1		
20	20	<i>Омонимдер сөздігі</i>	1		
21	21	<i>Синонимдер</i>	1		
22	22	<i>Синонимдік қатар, сөздердің мағыналық, реңктік ерекшеліктері</i>	1		
23	23	<i>Синонимдер сөздігі</i>	1		
24	24	Диктант «Сиқырлы гүлдер»	1		
25	25	<i>Антонимдер</i>	1		



<i>Р/с</i>	<i>сағат саны</i>	<i>Сабақтың тақырыбы</i>	<i>Сағат</i>	<i>Мерзімі</i>	<i>Ескерту</i>
II тоқсан 23 сағат					
1	26	Антонимдердің ойды анықтап, әсерлі жеткізудегі мәні.	1		
2	27	Сөз және оның мағынасын қайталау	1		
3	28	Табу	1		
4	29	Эвфемизм, дисфемизмдер	1		
5	30	Тұрақты тіркестер	1		
6	31	Фразеологизмдердің ерекшелігі	1		
7	32	Диктант «Тоғайда»	1		
8	33	Фразеологизмдердің емлесі	1		
9	34	Фразеологиялық сөздік.	1		
10	35	Мақал-мәтелдер – халықтың рухани қазынасы	1		
11	36	Мақал мен мәтелдердің өзара ұқсастығы мен өзгешелігі	1		
12	37	Мәтелдердің фразеологизмдермен ұқсастығы	1		
		Тілдің сөздік құрамы. (20 сәт.)			
13	38	Сөздік қор және сөздік құрам	1		
14	39	Диктант «Сәмбі тал»	1		
15	40	Қазақтың байырғы төл сөздері және басқа тілден енген сөздер.	1		
16	41	Басқа тілден енген сөздердің тілге сіңісу жолдары	1		
17	42	Көнерген сөздер, олардың түрлері	1		
18	43	Этнолингвистикалық атаулардың қайта жандануы	1		
19	44	Жаңа сөздердің жасалуы, емлесі	1		
20	45	Жаңа сөздердің ақпарат құралдары арқылы таралуы	1		
21	46	Диктант «Қайың»	1		
22	47	Сөздердің қолдану өрісіне байланысты түрлері. Жалпылама лексика	1		
23	48	Жалпылама лексика – әдеби тіл сөздігінің негізгі қоры	1		
III тоқсан 30 сағат					
1	49	Диалект сөздер, өзіндік белгілері	1		
2	50	Диалектологиялық сөздік	1		
3	51	Кәсіби сөздер	1		



<i>Р/с</i>	<i>сағат саны</i>	<i>Сабақтың тақырыбы</i>	<i>Сағат</i>	<i>Мерзімі</i>	<i>Ескерту</i>
9	57	<i>Диктант «Қыз бен дария»</i>	1		
		<i>Фонетика(28)</i>			
10	58	<i>Тіл дыбыстары туралы ұғым</i>	1		
11	59	<i>Қазақ әліпбиі</i>	1		
12	60	<i>Әліпбидегі әріптердің аталу ерекшеліктері</i>	1		
13	61	<i>Дауысты дыбыстар. Жуан, жіңішке дауыстылар</i>	1		
14	62	<i>Ашық және қысаң дауыстылар</i>	1		
15	63	<i>Еріндік және езулік дауыстылар</i>	1		
16	64	<i>Дауысты дыбыстардың емлесі</i>	1		
17	65	<i>Дауысты дыбыстарды қайталау</i>	1		
18	66	<i>Диктант «Жол»</i>	1		
19	67	<i>Дауыссыз дыбыстар</i>	1		
20	68	<i>Дауыссыз дыбыстардың түрлері</i>	1		
21	69	<i>Дауыссыз дыбыстардың емлесі</i>	1		
22	70	<i>Басқа тілден енген сөздердің жазылуы</i>	1		
23	71	<i>Буын</i>	1		
24	72	<i>Буын түрлері</i>	1		
25	73	<i>Тасымал</i>	1		
26	74	<i>Екпін, түрлері</i>	1		
27	75	<i>Сөздің дұрыс берілуіндегі интонация мен дауыс кідірісінің, екпіннің атқаратын рөлі</i>	1		
28	76	<i>Интонация және оның элементтері.</i>	1		
29	77	<i>Диктант «Ауылдағы жаз»</i>	1		
30	78	<i>Үндестік заңы. Буын үндестігі.</i>	1		
		<i>IV тоқсан 24 сағат</i>			
1	79	<i>Буын үндестігіне бағынбайтын қосымшалар</i>	1		
2	80	<i>Дыбыс үндестігі. Ілгерінді ықпал</i>	1		
3	81	<i>Кейінді ықпал</i>	1		
4	82	<i>Тоғыспалы ықпал</i>	1		
5	83	<i>Дыбыс үндестігін сақтап айтудың тіл мәдениетімен байланысы</i>	1		



<i>Р/с</i>	<i>сағат саны</i>	<i>Сабақтың тақырыбы</i>	<i>Сағат</i>	<i>Мерзімі</i>	<i>Ескерту</i>
7	85	<i>Диктант «Құс үні»</i> <i>Сөзжасам (10 сағ.)</i>	1		
8	86	<i>Сөздердің лексикалық тәсіл арқылы жасалуы</i>	1		
9	87	<i>Сөздердің морфологиялық тәсіл арқылы жасалуы.</i>	1		
10	88	<i>Сөздердің синтаксистік тәсіл арқылы жасалуы.</i>	1		
11	89	<i>Түбір және туынды сөздер</i>	1		
12	90	<i>Лексикалық жолмен жасалған туынды сөздер</i>	1		
13	91	<i>Жұрнақ арқылы жасалған туынды сөздер</i>	1		
14	92	<i>Бірігу арқылы жасалған туынды сөздер</i>	1		
15	93	<i>Қос сөздер</i>	1		
16	94	<i>Тіркескен сөздер</i>	1		
17	95	<i>Диктант «Жайлауда»</i> <i>Тіл мәдениеті (7 сағ.)</i>	1		
18	96	<i>Ауызша және жазба тіл мәдениеті</i>	1		
19	97	<i>Ауызекі сөйлеу тілінің ерекшеліктері</i>	1		
20	98	<i>Ауызекі сөйлеу тілі мен әдеби тілдің ара жігін ажырата білу</i>	1		
21	99	<i>Сөз қолдану мәдениеті</i>	1		
22	100	<i>Бақылау диктанты «Жайлаудағы той»</i>	1		
23	101	<i>Жазба жұмыстарында түрлі атаулардың бірге, бөлек жазылуы</i>	1		
24	102	<i>«Менің отбасым» Әңгімелеу бағытында мәтін құрау</i>	1		



Сабақ жоспары

Сабақ жоспары ТКЖ негізінде жасалады, яғни мұнда ТКЖ-да көрсетілген тақырыптар сабақ барысына ыңғайландырылады. Басқаша айтқанда, сабақ жоспары күнделікті өтілетін сабақ көлеміне байланысты (45 минут).



Сабақ
жоспары
жасалатын
мақсатты
мерзіміне
қарай 3-ке
бөлінеді:

Қысқа мерзімді
жоспар – ҚМЖ
(күнделікті сабақ
жоспары);

Орта мерзімді жоспар –
ОМЖ (белгілі бір тарауға
немесе көлемді тақырыпқа
байланысты жасалуы
мүмкін);

Ұзақ мерзімді жоспар –
ҰМЖ (тоқсанға немесе
оқу жылына жасалуы
мүмкін).

Сабақ жоспары көлеміне қарай 2-ге бөлінеді:

Жай жоспар – мұны тәжірибелі мұғалімдер жасайды, дегенмен қажет болған жағдайда тәжірибелі мұғалімдер де күрделі жоспар жасайды.

Күрделі жоспар (көбінесе жас мамандарға міндеттеледі).

Дәстүрлі сабақ
жоспары

Күнделік
ті сабақ
жоспары
өтілетін
сабақтың
түріне
қарай
тағы да 2-
ге
бөлінеді:

Дәстүрлі емес
сабақ жоспары

Дәстүрлі сабақ – жиі қолданылатын сабақ түрі. Дәстүрлі сабақ – қалыптасқан оқу материалдарының дәлме- дәл кескіні. Дәстүрлі оқыту үрдісінде оқытушы оқушыларын толық қамти отырып оқытады. Дәстүрлі оқытуда оқытушы мен оқулық маңызды қызмет атқарады, олар оқушыларды білімге жетелейді. Дәстүрлі педагогикалық әдістерге бақылау, әңгіме, тәжірибе, сауалнама, тест жүргізу т.б. жатады. Дәстүрлі сабақта оқытушы – білімді жеткізуші. Дәстүрлі сабақтың түрлері: жаңа оқу материалын оқу сабағы, дағдыны қалыптастыру, қайталау сабағы, бекіту, қорытынды сабақ, практикалық сабақ, білімді тексеру сабағы.

Дәстүрлі емес сабақтар – қалыптан тыс, күнделікті сабақтан өзгеше сабақтың жаңартылған түрлері. Дәстүрлі емес сабақтарды өтілу нұсқасы мен мақсат міндеттеріне қарай 3 топқа бөлуге болады: **ой қорыту сабағы** (дәріс, семинар, ХХІ ғасыр көшбасшысы, қосар сабақ, модульдік сабақ) **ойын сабақтары** (саяхат, тренинг, жұлдызды сағат, ғажайыптар алаңы, ойлан, тап, аукцион, бақытты сәт) **жарыс сабақтары** (сайыс, не? қайда? қашан? КТК(көңілді тапқырлар клубы)).



Мама мектеп ұстазы

1. Пән аты: Қазақ тілі.


2. Сыныбы: 5

3. Күні, айы, жылы:

4. Тоқсан: I

5. Мұғалім:

Сабақтың тақырыбы: Сөздің тура және ауыспалы мағынасы



Сабақтың мақсаты:

Білімділік: Оқушыларға сөз тура және ауыспалы мағынасы туралы лингвистикалық білім беру.

Тәрбиелік: Оқушыларды адамгершілікке, ізгілікке баулу, ұлтжандылыққа тәрбиелеу.

Дамытушылық: Оқушылардың лингвистикалық дүниетанымдарын кеңейту, ауызша және жазбаша тіл мәдениетін дамыту.

Сабақтың типі: аралас сабақ.

Сабақтың түрі: дәстүрлі сабақ.

Сабақтың әдіс-тәсілі: түсіндіру, сұрақ-жауап, жаттығу, талдау.

Сабақтың көрнекілігі: тақырыпқа байланысты үлестірмелі қағаздар.

Пәнаралық байланыс: Әдебиет.



Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі:

- 1. Оқушылармен сәлемдесу.*
- 2. Оқушылардың зейіндерін сабаққа аудару.*
- 3. Оқушылардың сабаққа қатысын тексеру.*

II. Үй тапсырмасын тексеру:

- 1. Сөз мағынасының өзгеруі туралы түсінік.*
- 2. 40-жаттығу.*



III Білім тексеру:

Сұрақ жауап

- 1. Сөз неден тұрады?*
- 2. Сөздің ішкі мазмұны дегенді қалай түсінесің?*
- 3. Жеке тұрғанда мағынасын жоғалтқан сөздерді жаз*

IV Жаңа сабаққа дайындық

- 1. Сабақ тақырыбын тақтаға жазу*
- 2. Сабақ мақсатын түсіндіру*

V. Жаңа тақырыпты түсіндіру:

Сөздің затты не құбылысты атап білдіретін мағынасы тура мағына деп аталады. Тура мағына әр заттың өзіне ғана тән жеке мағынасы болып табылады, сол арқылы біз заттарды бір-бірінен айыра аламыз.

Мысалы: аспан, жер, жел, бұлт дегендер заттарды атаса, биік, жылы, жақсы дегендер сапаны, бару, оқу дегендер қимылды білдіреді. Сөздер әрқашан тура мағынада айтыла бермейді, сөздің тура мағынасы негізінде туып, өрбіген, жалпы көпшілікке түсінікті ауыспалы мағыналары да болады.

Лексикалық мағынаның бұл түрін туынды мағына деп атайды.

Мысалы: көз адамның немесе жан-жануардың көру мүшесін білдіретін оның бастапқы мағынасы да, күннің көзі, бұлақтың көзі дегендегі көз – оның ауыспалы мағынасы, туынды мағынасы. Сөздің ауыспалы мағынасы бір заттың негізгі атауыш мағынасын екінші бір затқа атау етіп қолданудан барып туады.

VI. Жаңа тақырып бойынша түсінік тексеру:

Өздік жұмыс

Өлеңдегі ауыспалы мағынада тұрған сөздерді тауып, олардың тура мағынасына мысал жаз.

Бірге оқыған құрбыға

Бас бәйгені бермедің.

Төре болдың, бас болдың.

Көкірегінді кермедің.

VII. Жаңа сабақты бекіту:

1 . Оқулықпен жұмыс.

42 – жаттығуды жазбаша орындау.

Өлеңді көшіріп жазу.

Мәтіннен ауыспалы мағынада қолданылып тұрған сөздерді, сөз тіркестерін тауып, астын сызыңдар.

43 – жаттығуды ауызша орындау.

Мәтінді мәнерлеп оқу.

Шешен сөзін таратып, өз сөздеріңмен түсіндіріңдер.

44- жаттығу тақтаға орындау.

Берілген тіркестер құрамындағы сөздерді тура және ауыспалы мағынаны білдіруіне қарай бөліп жазыңдар.

Қалаған үш тіркесті қатыстырып үш сөйлем жазыңдар

VIII. Сабақты қорыту:

1. Бағалау

2. Үй тапсырмасын беру.

*1. Сөздің тура және ауыспалы
мағыналары
туралы түсінік*

2. 45 – жаттығу.



ЖЫЛДЫҚ ЖОСПАР

Оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспары – мектептің маңызды жергілікті актісі. Ол толық мөлшерде Қазақстан Республикасының заңдарына, жалпы білім беретін мекеме туралы үлгі ережеге сәйкес болуы тиіс.

Жылдық жоспарлар мамыр-маусым айларында жасалып, тамыз айындағы педагогикалық кеңесте бекітіледі.

Пайдаланылған әдебиеттер

<https://kk.wikipedia.org/wiki/>

[http://sc0026.stepnogorsk.akmoedu.kz/
documents/view/B5037DB0967D36A7
.html](http://sc0026.stepnogorsk.akmoedu.kz/documents/view/B5037DB0967D36A7.html)

agarty.com/index.php?newsid=515

kitaphana.kz

[referat.int.kz/pedagogika/3244- jospar](http://referat.int.kz/pedagogika/3244-jospar)



**Назар аударғандарыңызға
рахмет!!!**